

МАҢЫЗДЫ ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

- Жергілікті ауа кондиционерін осы нұсқаулықта сипатталғандай жолмен пайдаланыңыз. Барлық құрылғылармен болатындай, бұл нұсқаулардың мақсаты неғұрлым көбірек кездейсоқтықтарды қамту болса, осы құрылғыны пайдалану және орнату барысында сақ және парасатты болу керек.
- Бұл құрылғы үйдегі ауаны салқындатуға арналған және оны басқа мақсаттарға пайдалануға болмайды.
- Құрылғының техникалық сипаттамаларын кез келген жолмен өзгерту қауіпті болып табылады.
- Бұл құрылғыны электрлік жабдықтар мен оларды орнатуды реттейтін мемлекеттік заңдарға сай орнатылуы керек.
- Егер құрылғыны жөндеу қажет болса, тек өнім жасаушысы рұқсат берген қызмет орталығымен хабарласыңыз. Рұқсаты жоқ маман орындайтын жөндеу жұмыстары қауіпті болуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады. Балалардың құрылғымен ойнамауы керек. Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.
- Құрылғыны жерге тиімді жолмен тұйықталған жүйеге жалғау керек. Электр желісін білікті электр маманына тексертіп алу керек.
- Ұзарту сымдарын пайдаланбаңыз.
- Тазалау немесе техникалық қызмет көрсету алдында, құрылғыны әрқашан розеткадан суырып отырыңыз.
- Құрылғыны қуат кабелін тарту арқылы ешқашан ажыратпаңыз.
- Құрылғыны газы, жанармайы немесе күкірті бар бөлмеде пайдаланбаңыз. Ыстық нәрселердің қасына орнатпаңыз.
- Құрылғыны тұтанғыш заттардан (алкоголь, т.б.) немесе қысымды баллондардан (мысалы, аэрозоль қауашақтары) кемінде 50 см арақашықтықта ұстаңыз.
- Құрылғының үстіне ауыр немесе ыстық заттарды қоймаңыз.
- Ауа сүзгісін аптасына кемінде бір рет тазалап тұрыңыз.
- Ауа кондиционерінің қасында қыздыру құрылғыларын пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғыны әрқашан тігінен немесе қырынан жатқызып тасымалдаңыз. Құрылғыны жылжытпас бұрын, ішкі айналым түтіктерін судан толығымен босатыңыз. Құрылғыны жылжытқан соң, оны іске қоспас бұрын кемінде 1 сағат күтіңіз.
- Құрылғыны жинап қойған кезде, оны полиэтилен қалталармен жаппаңыз.
- Орам ретінде пайдаланылған материалдарды қайта өңдеуге болады. Сондықтан сізге оларды арнайы сұрыптау қоқыс жәшіктеріне тастауды ұсынамыз.
- Құрылғының қызмет ету мерзімі аяқталған кезде, оны арнайы жинау орталығына өткізіңіз.
- Егер қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлерді жою үшін оны өнім жасаушысы немесе рұқсаты бар техникалық қызмет орталығы ауыстыруы керек.

Құрылғыдағы мәліметтер тақташасынан оның ішінде пайдаланылатын газ туралы ақпаратты көріңіз.

R410A түріндегі салқындатқыш газы бар құрылғыларға арналған арнайы ескертулер

R410A салқындатқыш газы қоршаған ортаға қатысты ЕО ережелеріне сай. Құрылғының салқындатқыш газ түтіктерін тесіп алмаңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ АҚПАРАТ:

Бұл құрылғыда Киото хаттамасында қамтылған фторланған парниктік газдар бар. Техникалық қызмет көрсетуді және қоқысқа тастауды тек білікті маман ғана орындауы керек (R410A, GWP=1975).

R290 түріндегі салқындатқыш газы бар құрылғыларға арналған арнайы ескертулер

- Ескертулерді мұқият оқыңыз.
- Еріту немесе тазалау кезінде тек өнім жасаушысы ұсынған жабдықтарды пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғыны үздіксіз тұтану көздері жоқ орындарға орналастыру керек (мысалы: ашық оттар, жұмыс істеп тұрған газ құрылғысы немесе жұмыс істеп тұрған электрлік қыздырғыш).
- Теспеніз немесе өртемеңіз.
- Салқындатқыш газ иіссіз болуы мүмкін.
- Бұл құрылғыны беткі ауданы кемінде 15 м² болатын аймақта орнату, пайдалану және сақтау керек.
- Бұл құрылғыда R290 салқындатқыш газының шамамен 300 г мөлшері бар.
- R290 салқындатқыш газы Еуропалық қоршаған орта директиваларына сай. Салқындатқыш газ айналым түтіктерінің ешбір бөлігін теспеніз.
- Егер бұл құрылғы желдетілмеген аймақта орнатылса, пайдаланылса немесе сақталса, салқындатқыш газдың электрлік қыздырғыштар, пештер немесе басқа тұтандырғыш көздердің әсерінен туындайтын өрт немесе жарылыс қаупіне әкеп соқтыратын салқындатқыш газ ағынының жиналуының алдын алуға жасақталған болуы керек.
- Бұл құрылғыны механикалық жарақаттың алдын алуға болатындай етіп сақтау керек.
- Салқындатқыш газ түтіктерімен жұмыс істеп жатқан адамдарда осы сала ассоциацияларына таныс стандартты бағалау жүйесіне сай сертификаттау ұйымы шығарған қатысты рұқсат құжаты болуы керек.
- Барлық жөндеу жұмыстары өнім жасаушысының ұсыныстарына сай орындалуы керек. Басқа білікті маманның көмегін қажет ететін қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын

тұтанғыш салқындату газдарын пайдалану бойынша мамандандырылған адамның бақылауымен орындау керек.

Ескерту!

Осы құрылғыға рұқсаты бар қызмет көрсету маманынан басқа кез келген адамның қызмет көрсетуі қауіпті. Квинслендте рұқсаты бар қызмет көрсету маманы көмірсутек негізіндегі салқындатқыш газдарға арналған газ жұмыстары рұқсатын беретін құжатқа ие болуы КЕРЕК, сонда ғана оның қақпақтарды шешуге дейін алып баратын қызметтік және жөндеу жұмыстарын орындауға рұқсаты болады.

ЭЛЕКТРЛІК БАЙЛАНЫСТАР

Құрылғыны розеткаға қоспас бұрын, мынаны тексеріңіз:

- розеткадан берілетін қуат кернеуінің құрылғы артындағы мәліметтер тақтасында көрсетілген кернеуге сәйкес;
 - розетка мен электр желісі құрылғыны пайдалануға жарамды;
 - розетка қосқыш ашасына сәйкес. Егер олай болмаса, ашаны ауыстырыңыз;
 - розетка жерге дұрыс тұйықталған.
- Осы маңызды қауіпсіздік нұсқауларын орындамау өнім жасаушысын барлық жауапкершіліктерден босатады.

СУ-АУА PINGUINO ДЕГЕН НЕ

Жазғы уақыт кезінде 24 және 27° C аралығындағы температурада шамамен 50% болатын қатысты ылғалдылықта сіз өзіңізді жайлы сезінесіз.

Ауа кондиционері өзі орналасқан бөлмедегі артық ылғалды және жылуды жояды.

Барлық қабырғаға ілінетін үлгілерге қарағанда, жылжымалы ауа кондиционері артықшылыққа ие, себебі оларды бір бөлмеден екінші бөлмеге немесе бір ғимараттан екінші ғимаратқа жылжытуға болады. Бөлмеден алынған ыстық ауа салқындатқыш газ салқындататын сақина арқылы өтеді. Артық жылу мен ылғал ауа бөлмеге қайта шықпас бұрын жойылады.




Бір бөлікті үлгілерде ауаның аз бөлігі салқындатқыш газды салқындату үшін пайдаланылады, сосын ыстық және ылғалды болған кезде сыртқа шығарылады.

Ерекше De'longhi су-ауа үлгілерінде жылу бөлмеден ауаның емес, одан да тиімдірек болып табылатын судың салқындату әсері арқылы жойылады.

Бұл ауа кондиционеріне теңдесі жоқ салқындату тиімділігін береді.

СИПАТТАМА

- A Ауа шығатын тор
- B Жетілдірілген СКД дисплейі бар басқару тақтасы
- C Тұтқа
- D Тор
- E Доңғалақтар
- F Шаң сүзгісі бар ауа сору торы
- G Жиналған суды шығару жалғағышы
- H Қуат кабелі
- I Ыдысты тартып шығарыңыз
- J Ыдыс қақпағы
- K Ауа шығару шлангісі
- L Қашықтан басқару құралы
- M Ауа шығару шлангісінің корпусы
- N Терезеге шығару түтігі
- O Күміс ионды сүзгі (кейбір үлгілерде ғана бар)
- P Электростатикалық сүзгі (кейбір үлгілерде ғана бар)
- Q Сорғыш
- R Доңғалақ құлыптары (кейбір үлгілерде ғана бар)
- S Қақпағы бар фланец
- T Реттелмелі жолақ
- U Су шығару шлангісі + қақпақ
- V Индикатор қағазы



ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ


Төмендегі нұсқаулар ауа кондиционеріңізді пайдалануға барынша тиімдірек дайындауға мүмкіндік береді.

Пайдаланбас бұрын, ауа кіру және шығу торларына ешнәрсе кедергі жасап тұрмағанын тексеріңіз.


Орнатусыз ауа салқындату

Бірнеше қарапайым қадамдарды орындау арқылы құрылғыңызбен қолайлылықты нығайтасыз:


- Ауа шығару шлангісін құрылғының артқы жағына, корпусқа бекітіңіз (1-сурет);



- Терезеге шығару түтігін (N) шлангінің (K) ұшына жалғаңыз.
- Ауа кондиционерін терезеге немесе француз терезесіне жақын орналастырыңыз.
- Терезеге жеткізу үшін шлангінің ұзындығын реттеңіз.
- Ауа сору шлангісінің бітелмегеніне көз жеткізіңіз.
- Терезені немесе француз терезесін аз ғана ашып, түтікті (2-сурет) бағыттаңыз.




- Егер қос терезеңіз болса, берілген сорғышты (Q) терезенің екі бөлігін бірге ұстап тұру үшін пайдаланыңыз (3-сурет).




Сонымен қатар, «реттелмелі жолақ» жабдығын (T) пайдалануға болады.



- Терезеге шығару түтігін шлангідегі жолаққа жалғаңыз (4-сурет).



- Жолақты терезе алды тақтайына бағыттап, жалюз бағыттауышына бекітілгенше реттеңіз (ұзындығын берілген инемен құрсаулауға болады), сосын жалюзді түсіріңіз (5-сурет).



- Ауа шлангісін терезеге шығару түтігінің ұшына бекітіңіз.
- Ауа кондиционерін терезеге немесе француз терезесіне жақын орналастырыңыз және шлангісін ұшын жалғаңыз (7-сурет).
- Құрылғының артындағы қақпақты (G) алып, су ағызу шлангісін жалғау қақпағымен (U) 6-суретте көрсетілгендей етіп орнына салыңыз. Бұл мезгіл соңында жиналған судың анағұрлым оңай шығарылуына мүмкіндік береді. Мына бөлімді қараңыз: «МЕЗГІЛ СОҢЫНДА ОРЫНДАЛАТЫН ӨРЕКЕТТЕР».




i Бөгелудің алдын алу үшін ауа шлангіні неғұрлым қысқа және иректерсіз күйде орнатыңыз.

Орнатып ауа салқындату



Қажет болса, құрылғыңызды уақытша орнатуға болады (8-сурет).

Мына әрекетті орындаңыз:


- Сыртқы қабырғаны немесе терезе жақтауын 9-суретте көрсетілген биіктіктерді сақтай отырып диаметрі 134 мм етіп тесіңіз.




- Берілген фланец жабдығын (S) тесікке мына суреттердегі нұсқауларды ұстана отырып бекітіңіз: 10, 11 және 12).



терезе бөлігінде



француз терезесінің ағаштан жасалған жиналмалы тақтасында



қабырғада: қабырға бөлігін тиісті оқшаулағышпен оқшаулау ұсынылады.

- Ауа шығару шлангісін (K) құрылғының артқы жағына, корпусқа бекітіңіз (1-сурет).
- Шлангінің ұшын фланецке (S) бекітіңіз. Шлангі бекітілмеген кезде, тесікті фланец қақпағымен жабуға болады.
- Құрылғының артындағы қақпақты (G) алып, су ағызу шлангісін жалғау қақпағымен (U) 6-суретте көрсетілгендей етіп орнына салыңыз. Бұл мезгіл соңында жиналған судың анағұрлым оңай шығарылуына мүмкіндік береді. Мына бөлімді қараңыз: «МЕЗГІЛ СОҢЫНДА ОРЫНДАЛАТЫН ӘРЕКЕТТЕР».

i Ауа шлангісін қысқа және иілмеген күйде сақтаңыз, осылайша бөгелулердің алдын аласыз.

i Ауа кондиционерін жартылау уақытша орнатқан кезде, бөлме дұрыс желдетілуі үшін бөлме есігін шамамен 1 см саңылау қалдырып аз ғана ашық қалдыру керек.

СУ РЕЖИМІНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА ДАЙЫНДАУ

Құрылғы орнатылған соң, ол пайдалануға дайын болады.

Дегенмен, оның тиімділігін тек De'longhi су режимінде пайдалану арқылы жақсартуға болады.

Ыдыстағы су Pinguino құрылғысының салқындату күшін арттырады және бір уақытта шу деңгейлері мен қуат тұтыну деңгейін азайтады.

Ауамен салыстырғанда, су бу күйінде ауа шығару шлангісіне берілмес бұрын салқындату айналымы температурасын анағұрлым тиімдірек төмендетеді.

Есте сақтаңыз:

- әрқашан тұзсыздандырылған таза су құбыры суын пайдалануыңыз керек;
 - ыдыстағы су тұтынылатын уақыт ұзақтығы температура, ылғалдылық, оқшаулағыш материалдар, бөлменің әсерленгіштігі, бөлмеде бар адамдар саны және т.ю. сияқты қоршаған орта жағдайларына тікелей тәуелді. Былайынша айтқанда, ол шамамен алты сағатқа жетеді.
- BOOST (КҮШЕЙТУ) функциясы (241-бетті қараңыз) пайдалану уақытын шамамен 4 сағатқа дейін қысқартады, бірақ салқындату қуаты мен тиімділік артады.
- Су ыдысындағы су таусылған кезде,  шам жанады да, құрылғы «ауа-ауа» режиміне автоматты түрде ауысады. Сол уақытта артқы шлангіден берілетін ауа мөлшері артады.

 Құрылғыға кәдімгі кран суын пайдалануға мүмкіндік беру үшін резеңке қақ сүзгісі бекітілген.

Сіңірілген резеңкелер су қаттылығын азайтады, сондықтан құрылғының жұмыс істеу мерзімін ұзартады.


 «CF» белгісі қақ сүзгісін ауыстыратын кезде көрсетіледі. Сүзгінің тиімділігі су қаттылығына тәуелді. Сондықтан оны бес жыл сайын ауыстырып отыру керек.

Су қаттылығын орнату

Су қаттылығын берілген көрсеткіш қағазымен өлшеңіз.

- Көрсеткіш қағазын орамынан (V) шығарыңыз.
- Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз.

- Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3, 4 немесе 5 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді. Құрылғыны үш түрлі су қаттылығы деңгейіне орнатуға болады: жұмсақ (H1), орташа (H2) және қатты (H3). Пайдаланылатын су қаттылығын көрсеткіш қағаздағы қызыл шаршыларды төмендегі кестемен салыстыра отырып анықтаңыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН СУ ТҮРІ	ДЕҢГЕЙЛЕР
0 - 19°F ЖҰМСАҚ 	H1
20 - 36°F ОРТАША 	H2
> 36°F ҚАТТЫ 	H3

Су қаттылығын орнату үшін, мына әрекеттерді орындаңыз:




1. Құрылғыны күту режиміне орнатыңыз.
2. Басқару тақтасындағы FAN (ЖЕЛДЕТКІШ) түймесін 10 секунд басып тұрыңыз. Құрылғы дыбысты сигнал шығарады және H1, H2 немесе H3 көрсетіледі.
3. Су қаттылығын төмендегі кестеге сай орнату үшін + немесе - түймелерін орнатыңыз. Параметр есте сақталғанша бірнеше секунд күтіңіз. Құрылғы тағы дыбысты сигнал шығарады да, күту режиміне оралады.

 **Құрылғы әдепкі параметр бойынша орташа қаттылыққа (H2) орнатылады.**

Ыдысты толтыру

Су ыдысы құрылғының төменгі жағында орналасқан. Қолыңызды PULL (13-сурет) жазуының үстіндегі есікше арқылы өткізіп, ыдысты барған жеріне дейін тартып шығарып алыңыз. Қақпағын ашып, оған су құю үшін бір ыдысты (бөтелке, құты, су құйғыш) пайдаланыңыз (14/15-сурет). Толтыру тесігі

арқылы ыдыстың толғанын көре аласыз. Оған 10 литрге дейін сыяды.



Қақпақты дұрыстап қойып, ыдысты тірелген жеріне дейін итеру арқылы жабыңыз. Ыдыстың тесігінде бөгде заттардың кіруінен сақтайтын торлы сүзгі бар. Қажет болса, осы сүзгіні бұрап ашып, ағын су астында тазалау үшін алуға болады.


- Су функциясын пайдалану үшін ыдыстың толық болуы міндетті емес, бірақ құрылғының су режимінде қызмет ету мерзімі қысқалау болады.
- Судың тасып кетпеуіне жол бермес үшін оны тесік деңгейінен асырып құймаңыз. Бұл ыдыста шамадан тыс құйылудың алдын алатын жүйе жоқ.

Қақ сүзгісін салу

Құрылғыны өшіріп, розеткадан суырыңыз. Ыдыс пен ішкі науаны мына бөлімде сипатталғандай етіп босату арқылы құрылғыда ешбір су қалмағанына көз жеткізіңіз: «Мезгіл соңында орындалатын әрекеттер».

Құрылғыны 17-суретте көрсетілгендей етіп жатқызыңыз. Сызудың немесе зақымдаудың алдын алу үшін оны орамалға немесе қатырма қағазға қойыңыз. Төрт бұранданы шешу арқылы сүзгіні алыңыз (17-сурет).




Сүзгіні абайлап шығарып, сүзгіні жалғайтын екі шлангінің құрылғы ішіне сырғып түсіп кетпейтініне көз жеткізе отырып, екі түйінді босатыңыз. Жаңа сүзгіні бекітіп, жоғарыдағы процедураны керісінше орындап шығыңыз (16/15-сурет). Сүзгідегі алақан (суретте бар) дұрыс бағытты көрсетеді. Алақан әрқашан құрылғының ішіне қарауы және «А» әрібі жоғары қарауы керек.



i Қақ сүзгісін салу кезінде су ағып шығуы мүмкін. Сондықтан, бұл нәрсені ыңғайлы жерде орындау керек.

i Сүзгіні ауыстырған соң, құрылғыны іске қоспас бұрын кемінде бір сағат күтіңіз.


i Сүзгі ауыстырылған кезде, ON/STAND-BY (ҚОСУ/ҚУТУ РЕЖИМІ) түймесін (15) 10 секунд басу арқылы дабылды өшіріңіз. Құрылғы дыбысты сигнал шығарады.



ЖЕТІЛДІРІЛГЕН СКД ДИСПЛЕЙ БАР БАСҚАРУ ТАҚТАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

- 1 Ауа салқындату белгісі
- 2 Құрғату белгісі
- 3 Желдеткіш белгісі
- 4 SMART (АҚЫЛДЫ) белгісі
- 5 BOOST (КҮШЕЙТУ) белгісі
- 6 SLEEP (ҰЙҚЫ) белгісі
- 7 Дабыл белгісі
- 8 Температура индикаторы
- 9 «Су жоқ» белгісі
- 10 Таймер белгісі
- 11 Жылдамдық индикаторы
- 12 AUTOFAN (АВТО ЖЕЛДЕТУ) индикаторы
- 13 FAN (ЖЕЛДЕТКІШ) түймесі
- 14 Температураны күшейту (+) және

- азайту (-) түймесі
- 15 ON/Standby (ҚОСУ/Күту режимі) түймесі
- 16 MODE (РЕЖИМ) түймесі (режимдерді таңдайды)
- 17 Сигнал қабылдағыш




БАСҚАРУ ТАҚТАСЫНАН БАСҚАРУ

Басқару тақтасы құрылғының барлық негізгі функцияларын басқаруға мүмкіндік береді. Оның мүмкіндігін толық пайдалану үшін, қашықтан басқару құралын пайдалануыңыз керек.

Құрылғыны іске қосу

- Розеткаға қосыңыз.
Дисплейде құрылғының күту режимінде тұрғанын көрсететін екі жолақ пайда болады (20-сурет).
- Құрылғы іске қосылғанша  түймесін басыңыз. Ол ажыратылғанға дейінгі соңғы функция пайда болады.
- Ауа кондиционерін ешқашан розеткадан бірден суыру арқылы өшірмеңіз. Әрқашан  түймесін басып, розеткадан ажыратпас бұрын бірнеше минут күтіңіз. Бұл құрылғыға тексеру операциясын орындауға мүмкіндік береді.



Ауа салқындату режимі (21-сурет)

Ауа-райы ылғалды және жылы болған кезде бөлмені салқындату және құрғату қажет болған кезде өте пайдалы.

Осы режимді дұрыс орнату үшін:

- **MODE (РЕЖИМ)** түймесін ауа салқындату белгісі пайда болғанша бірнеше рет түртіңіз.
- немесетүймесін  тиісті мән көрсетілгенше  басу арқылы мақсатты температураны таңдаңыз.
- түймесін басу арқылы қажетті желдеткіш жылдамдығын  таңдаңыз. Төрт жылдамдық бар:

 **Жоғары жылдамдық:** көзделген температураға неғұрлым жылдамырақ қол жеткізуге арналған


 **Орташа жылдамдық:** шу деңгейін азайтады, бірақ әлі де жақсы қолайлылық деңгейінде жұмыс істеп тұрады

 **Төмен жылдамдық:** үнсіз жұмыс істеуге арналған (silent)

 **AUTOFAN (АВТО ЖЕЛДЕТУ):** құрылғы сандық дисплейде орнатылған температураға қатысты ең қолайлы желдеткіш жылдамдығын автоматты түрде таңдайды.

Жазғы уақытта бөлме үшін ең қолайлы температура 24 және 27°C аралығында өзгеріп отырады.

Дегенмен, температураны сыртқы температурадан өте төмен етіп орнатпау ұсынылады.



Құрғату режимі (22-сурет)


Бөлмедегі ылғалдылықты төмендету үшін өте ыңғайлы (көктемде немесе күзде, дымқыл бөлмелерде, жауын-шашынды кездерде, т.б.).

Құрғату режимінде құрылғыны ауа салқындатқандағыдай жолмен дайындау керек, ол үшін ол үшін ауа шығу шлангісін ылғалдан жиналған су сыртқа ағып кететіндей етіп бекіту керек.

Осы режимді дұрыс орнату үшін:

- **MODE (РЕЖИМ)** түймесін құрғату белгісі пайда болғанша бірнеше рет түртіңіз.

 *Осы режимде құрылғы желдеткіш жылдамдығын автоматты түрде таңдайды, оны қолдап орнату мүмкін емес.*



Желдету режимі (23-сурет)

Құрылғыны осы режимді пайдаланып жатқан кезде, ауа шлангісін жалғаудың қажеті жоқ. Осы режимді дұрыс орнату үшін:


- **MODE (РЕЖИМ)** түймесін желдеткіш белгісі пайда болғанша бірнеше рет түртіңіз.
- түймесін басу арқылы қажетті желдеткіш жылдамдығын  таңдаңыз. Үш жылдамдық бар:

 **Орташа жылдамдық:** ең жоғарғы желдеткіш жылдамдығы үшін

 **Орташа жылдамдық:** шу деңгейін азайтады, бірақ әлі де жақсы қолайлылық деңгейінде жұмыс істеп тұрады.

 **Ең төменгі жылдамдық:** үнсіз жұмыс істеуге арналған

Бұл режимде AUTO (АВТО) жылдамдығы таңдалмайды.




SMART (АҚЫЛДЫ) режимі (24-сурет)

SMART (АҚЫЛДЫ) режимі бөлмеде ең қолайлы жағдайларды қайта жасауға әрекеттенеді. Құрылғы анықталған қоршаған орта жағдайларына қарай ауа салқындату, желдеткіш немесе күту режимінде жұмыс істеуді не істемеуді автоматты түрде ұйғарады.

Осы режимді орнату үшін:


- **MODE (РЕЖИМ)** түймесін **SMART (АҚЫЛДЫ)** белгісі пайда болғанша бірнеше рет түртіңіз.



ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ


- 1 Ауа салқындату белгісі
- 2 Құрғату белгісі
- 3 Желдеткіш белгісі
- 4 SMART (АҚЫЛДЫ) белгісі
- 5 Таңдалған температура шкаласының индикаторы
- 6 Сигналдың берілуі
- 7 BOOST (КҮШЕЙТУ) белгісі
- 8 SLEEP (ҰЙҚЫ) белгісі
- 9 AUTOFAN (АВТО ЖЕЛДЕТУ) индикаторы
- 10 Желдеткіш жылдамдығының белгісі

- 11 TIMER ON (ТАЙМЕР ҚОСУЛЫ) белгісі
- 12 Timer OFF (Таймер ӨШІРУЛІ) белгісі
- 13 Сағат
- 14 ON/Standby (ҚОСУ/Күту режимі) түймесі
- 15 FAN (ЖЕЛДЕТКІШ) түймесі
- 16 Температураны күшейту (+) және азайту (-) түймесі
- 17 MODE (РЕЖИМ) түймесі (режимдерді таңдайды)
- 18 Қайта орнату түймесі (құрылғыны бастапқы параметрлерге қалпына келтіреді)
- 19 OK түймесі
- 20 Timer OFF (Таймер ӨШІРУЛІ) түймесі
- 21 °C не °F таңдау түймесі
- 22 SLEEP (ҰЙҚЫ) түймесі
- 23 BOOST (КҮШЕЙТУ) түймесі
- 24 Timer ON (Таймер ҚОСУЛЫ) түймесі



ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ


- Қашықтан басқару құралын құрылғыдағы қабылдағышқа бағыттаңыз. Қашықтан басқару құралы құрылғыдан 7 метрден аспайтын қашықтықта болуы керек (қашықтан басқару құралы мен сигнал қабылдағыш арасында еш кедергі болмаған кезде).
- Қашықтан басқару құралын өте ұқыптап пайдалану керек. Оны лақтырмаңыз, күн сәулесінде немесе ыстық нәрселердің қасында ешқашан қалдырмаңыз.



Батареяларды салу немесе алу

- Қашықтан басқару құралының артындағы қақпақты ашыңыз (25-сурет);
- Екі R03 “AAA” 1,5 В батареяны орындарына дұрыс салыңыз (батарея бөлігінің ішіндегі нұсқауларды көріңіз);
- Қақпақты орнына салыңыз.

i Егер қашықтан басқару құралы ауыстырылса немесе қоқысқа тасталса, батареяларды алып, қолданыстағы заңға сай тастау керек, себебі батареялар қоршаған ортаға зиян келтіреді.



Уақытты орнату

Батареяларды салған соң, дисплейдегі сағат уақыт орнатылғанша жыпылықтайды. Төмендегі әрекетті орындаңыз.

- +** немесе **-** түймесін дұрыс уақыт

көрінгенше басыңыз.

Алдымен минуттер, сосын барып ондаған минуттер арқылы жылдам өту үшін осы түймені басып тұрыңыз.

- Дұрыс уақыт орнатылған соң, түймені босатып, растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- Қашықтан басқару құралында бағдарламаланған параметрлерден бас тартып, бастапқы параметрлерді қалпына келтіру үшін **↺** түймесін жайлап қалам немесе қаламсап ұшымен басыңыз.


ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ ҚҰРАЛЫН ПАЙДАЛАНУ

Қашықтан басқару құралындағы басқару элементтерінің бірінші бөлігі құрылғының басқару тақтасындағыдай (26-сурет).

Сондықтан төмендегі әрекеттерді орындау үшін **БАСҚАРУ ТАҚТАСЫНАН БАСҚАРУ** бөліміндегі нұсқауларды оқыңыз керек:

- құрылғыны іске қосу және өшіру;
- жұмыс істеу режимі (ауа салқындату, құрғату, желдеткіш немесе ақылды режимі) мен желдеткіш жылдамдығын таңдаңыз;
- қажетті температураны орнатыңыз.

Төмендегі бөлімде қашықтан басқару құралының төменгі бөлігіндегі басқару элементтеріне қатысты қосымша функциялар сипатталған.






BOOST (КҮШЕЙТУ)

функциясы (27-сурет)

Жазда бөлмелерді дереу салқындату үшін нағыз қажет нерсе.


Жай ғана  түймесін басу арқылы іске қосыңыз. Құрылғы ауа салқындату режимінде жоғарғы желдеткіш жылдамдығында және жоғарғы қуат деңгейінде жұмыс істейді. Осы функция таңдалған кезде, температураны орнату немесе желдеткіш жылдамдығын өзгерту мүмкін емес.



i BOOST (КҮШЕЙТУ) функциясы қосулы болған кезде, су ауамен салқындату режиміне қарағанда жылдамырақ салқындатады. Бір жағынан, құрылғының салқындату қуаты мен тиімділігі жоғарылайды.

°C/°F Температура шкаласын таңдау (28-сурет)

Температура °C/°F дисплейін °C және °F аралығында ауыстырып қосу үшін түймесін басыңыз.



Ұйқы функциясы (29-сурет)

Бұл функция түнде пайдалы, себебі құрылғыны 8 сағаттан соң ажырату арқылы оның жұмысын біртіндеп азайтады.

Осы функцияны дұрыс орнату үшін:

- жұмыс істеу режимін (ауа салқындату, құрғату, ақылды) жоғарыда сипатталғандай таңдаңыз;
-  түймесін басыңыз.


Құрылғы осыған дейінгі таңдалған режимде ең кіші желдеткіш жылдамдығымен жұмыс істейді.

Ең қолайлы жағдайларды жасау үшін бөлме температурасы мен ылғалдылығы әр түрлі болған кезде, желдеткіш жылдамдығы әрқашан төменгі деңгейде болады.

Ауа салқындату кезінде температура 60 минут сайын 1°C-қа жоғарылайды, сосын 2 сағаттан кейін 1°C-қа жоғарылайды.

Құрғату режимінде құрылғының құрғату қуаты бастапқы екі сағат ішінде әрбір сағат сайын ішінара азаяды.

29



ТАЙМЕРДІ БАҒДАРЛАМАЛАУ


Таймерді құрылғының қажет кезде іске қосу немесе ажырату үшін бағдарламалауға болады.

Іске қосуды бағдарламалау


-  түймесін басыңыз. Қашықтан басқару құралындағы  дисплейде іске қосылу уақыты мен белгісі жыпылықтайды (30-сурет).
- Құрылғы іске қосылатын уақытты орнату үшін  немесе  түймелерін басыңыз.
- Сол уақыт болған кезде, растау үшін OK түймесін басыңыз (31-сурет). Қашықтан басқару құралында  белгісі көрсетілген күйде қалады, ал  белгісі құрылғыда таймердің белсенді екенін көрсету үшін шығып тұрады.

Өшіруді бағдарламалау

-  OFF (ӨШІРУ) түймесін басыңыз. Қашықтан басқару құралындағы дисплейде өшіру уақыты мен  белгісі жыпылықтайды (32-сурет).
- Құрылғы өшірілетін уақытты орнату үшін немесе   түймелерін басыңыз.
- Сол уақыт болған кезде, растау үшін OK түймесін басыңыз (33-сурет). Қашықтан басқару құралында  белгісі көрсетілген күйде қалады, ал  белгісі құрылғыда таймердің белсенді екенін көрсету үшін шығып тұрады.



Таймерді қосу не өшіру бағдарламасын алдын ала ажырату керек болса,   немесе түймесін тиісінше екі рет басыңыз.



ӨЗІН-ӨЗІ ДИАГНОСТИКАЛАУ

Құрылғыда бірнеше ақаулықтарды анықтауға арналған өзін-өзі тексеру мүмкіндігі бар. Қате туралы хабарлар құрылғының дисплейінде көрсетіледі.


ЕГЕР ... КӨРСЕТІЛСЕ,	...НЕ ІСТЕУІМ КЕРЕК?
 Температура төмен (қатудың алдын алу)	Шамадан тыс мұздың қалыптасуына жол бермеу мақсатында бұл құрылғы қатудың алдын алу мүмкіндігімен жабдықталған. Еріту процесі аяқталған кезде құрылғы қайта іске қосылады.
 Жоғарғы деңгей (ішкі науа толған)	«Мезгілдік қолданысты аяқтау» бөліміндегі нұсқауларды орындай отырып, ішкі қауіпсіздік науасын босатыңыз. Егер ол қайталанса, жергілікті өкілетті қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.
 Сүзгіні ауыстыру (Сүзгіні ауыстыру)	Осы хабар көрсетілген кезде, су сүзгісін мына бөлімде сипатталғандай етіп ауыстыру керек: «Қақ сүзгісін салу».

ЕГЕР ... КӨРСЕТІЛСЕ,	...НЕ ІСТЕУІМ КЕРЕК?
 Сынама ақаулығы (сенсор зақымданған)	Егер бұл көрсетілсе, жергілікті өкілетті қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.
 Failure1 (Сәтсіздік1)	F1 дабылы қосылған кезде, құрылғы қалыпты «ауа-ауа» режимінде жұмыс істеуін жалғастырады. Дабылды қайта орнату үшін, құрылғыны розеткадан қайта ажыратыңыз. Егер осы дабыл жиі қайталана берсе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР


Ауа кондиционерін барынша жақсы пайдалану үшін, мына ұсыныстарды орындаңыз:

- салқындатылатын бөлмедегі есік-терезелерді жабыңыз (34-сурет).
Ауа кондиционерін уақытша орнатқан кезде, бөлме дұрыс желдетілуі үшін бөлме есігін аз ғана ашық қалдыру керек (шамамен 1 см саңылау қалдырып).



есік-терезелерді жабыңыз


- Құрылғыны үнемді пайдалану үшін перделерді және/немесе жалюздерді жабу арқылы бөлмені тура күн сәулесінен қорғаңыз (35-сурет);



перделерді жабыңыз

- ауа кондиционеріне кез келген түрдегі нәрсені ешқашан қоймаңыз;
- ауа кіру тесігі мен шығу саңылауларын жаппаңыз қызып кету қаупі болады (36-сурет); екі торды да бос қалдырыңыз;
- бөлмеде басқа ыстық нәрселердің жоқтығына көз жеткізіңіз;
- бұл құрылғыны ешқашан өте ылғалды бөлмелерде пайдаланбаңыз (мысалы, кір жуу орындары);
- құрылғыны ешқашан сыртта пайдаланбаңыз;

36



құрылғының
бетін


- ауа кондиционерінің теріс жерге қойылғанына көз жеткізіңіз; қажет болса, доңғалақ құлыптарын алдыңғы дөңгелектердің астына қойыңыз.

АУА ТАЗАЛАУ СҮЗГІЛЕРІ


Тиімділікті сақтау үшін осы құрылғыға екі шаң сүзгісі бекітілген.

Оның біреуі ауа сору сүзгісінің қасында, екіншісі бүйірде (37-38-сурет).

37



38



Кейбір үлгілердің артындағы торда күміс ионды шаң сүзгісі және қосымша электростатикалық сүзгі болады

Сүзгі ион сүзгісі

Осы шаң сүзгісінде шаң бөлшектерін жинап қана қоймай, сонымен қатар тиімді бактерияға қарсы әсері де бар күміс иондары қолданылады. Ол тозақ және споралар сияқты тітіркендіргіш заттардың жиналуын да керемет азайтады.

Электростатикалық сүзгі


Электростатикалық сүзгі өте майда шаң бөлшектерін ұстап қалады да, құрылғының сүзу мүмкіндігін жақсартады.

Сүзгілерді торға бекіту

Құрылғыны торға бұрыннан енгізілген шаң сүзгілерімен-ақ пайдалануға болады.

Екі қосымша сүзгіні пайдалану үшін (егер сіздегі үлгімен бірге берілген болса), оларды орамдарынан алып, арнайы қысқыштардың астына енгізу арқылы шаң сүзгісіне бекітіңіз (39-сурет).

Оны пайдаланбауды ұйғарсаңыз, оларды орамдарына тығыздалып жабылған күйінде сақтап қойыңыз.



ТАЗАЛАУ

Тазалау немесе техникалық күтім жасау алдында, (1) басқару тақтасындағы немесе қашықтан басқару құралындағы түймесін басу арқылы құрылғыны өшіріп, бірнеше секунд күтіңіз де, розеткадан суырыңыз.

Корпусты тазалау

Құрылғыны аздап дымқылданған шүберекпен тазалап, артынша құрғақ шүберекпен кептіруіңіз керек.

- Ауа кондиционерін сумен жумаңыз. Ол қауіпті болуы мүмкін.
- Құрылғыны тазалау үшін бензин, алкоголь немесе ерітінділерді пайдаланбаңыз. Жәндіктерге қарсы аэрозольдерді немесе сол сияқты нәрселерді сеппеңіз.

Ауа сүзгілерін тазалау

Ауа кондиционерін тиімді жұмыс істейтін күйде сақтау үшін, шаң сүзгілерін қолдану кезеңінің әр аптасы сайын тазалап отыруыңыз керек.

Барлық үлгілермен бірге берілген шаң сүзгілерін тазалау

Әрбір сүзгі ауа кіру торының ішінде орналасқан.

Сүзгілерді тазалау үшін, мына әрекеттерді орындаңыз

- Ауа сору торын сыртқа қарай тарту арқылы шығарыңыз (37-сурет).
- Шаң сүзгісін тордан ағытып шығару арқылы алыңыз (38-сурет).
- Сүзгіде жиналған шаңды тазалау үшін шаңсорғыш пайдаланыңыз. егер ол өте кір болса, жылы суға батырыңыз да, бірнеше рет шайыңыз.
- Жуған соң, оны толық кептіріп қойыңыз.
- Орнына салу үшін, сүзгілерді ауа сору торына қайта салып, ауа сору торын құрылғыға бекітіңіз.

Күміс ионды сүзгіні және электростатикалық сүзгіні тазалау

(кейбір үлгілерде ғана бар)

Күміс ионды шаң сүзгісін тазалау үшін электростатикалық сүзгіні тазалау уақытша ала тұру керек.

Сүзгілерді тазалаңыз, ол үшін шаңсорғышты орташа қуат деңгейіне орнатыңыз.

Күміс ионды сүзгіні жылы сумен жууға болады. Оны толығымен кептіріп барып салыңыз.

Электростатикалық сүзгіні жууға болмайды, бірақ оны мезгіліне кемінде екі рет ауыстырып тұру керек.

Электростатикалық сүзгіні De'longhi керек-жарақтарын сататын дүкендерден немесе өкілетті қызмет орталықтарынан сатып алуға болады.

МЕЗГІЛ БАСЫНДА ОРЫНДАЛАТЫН ӘРЕКЕТТЕР



Қуат кабелінің және ашаның зақымданбағанына және жерге тұйықтау жүйесінің тиімді екеніне көз жеткізіңіз. Орнату нұсқауларын дәл орындаңыз.

МЕЗГІЛ СОҢЫНДА ОРЫНДАЛАТЫН ӘРЕКЕТТЕР

Құрылғыны алып қою немесе басқа жерге жылжыту алдында, ыдыста қалған суды босатыңыз.

Ыдысты босату

Ыдысты мына бөлімде сипатталғандай етіп босатыңыз: «ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРУ». Ыдыстың сол жағындағы су төгу шлангісін босатып (40-41-сурет), оның ұшын бір бос ыдысқа салып қойыңыз. Қақпақты ашып, ыдыста қалған суды төгіп тастаңыз.




Ішкі ыдысты босату

Бұл әрекетті оңайлату үшін, мезгілдің басында шүмек қақпағын (G) төгу шлангісімен және қақпақпен (U) ауыстырыңыз.

Құрылғының артқы жағындағы шүмекке жақын жерге бос ыдыс (құты немесе шөлмек сияқты) қойыңыз (40-сурет). Қақпақты ашып, қалған суды төгіп тастаңыз.

Толығымен босаған кезде, қақпақты орнына салыңыз.

МАҢЫЗДЫ: ыдыста 2 литрге дейін су сыяды.



- Жоғарыда сипатталған 2 әрекетті орындаған соң, құрылғыны шамамен жарты сағатқа тек желдеткіш режимінде қосып қойыңыз. Ол құрылғының ішінде қалған кез келген су қалдығын кептіреді.
- Құрылғыны өшіріп, розеткадан суырыңыз.
- Ауа шығару шлангісі мен жиналған суды төгу шлангісін шығарыңыз.
- Шаң сүзгілерін тазалаңыз.
- Шаң басудың алдын алу үшін құрылғыны бір нәрсемен жауып қойыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ:

Тұтынылатын қуат кернеуі мәліметтер
тақтасынан көріңіз

Ең жоғарғы тұтынылатын қуат “
(ауаны салқындатуда)

Салқындатқыш газ “

Салқындату ауқымы “

Талап етілетін шектер

Ауаны салқындатуға болатын бөлмедегі
температура: 21÷35°C

КЕПІЛДІК

Кепілдік шарттары мен техникалық көмек
құрылғыңызбен бірге берілген құжаттамамен
бірге берілген.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

Өнім түрі:
өнімдегі жапсырманы көріңіз
Үлгісі: “
Кернеуі: “
Жиілігі: “
Кіріс қуаты: “

Келесі компания үшін Қытайда жасалған:

De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy
De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy

Ресейге, Бероруссияға және Қазақстанға импорттаушы:

“De'Longhi” ААҚ
127055 Россия, г. Москва, ул. Суцевская, д. 27,
стр. 3
Тел. +7 (495) 781-26-76

Бұл құрылғы пайдалану нұсқаулығында көрсетіл-
гендей жолмен пайдаланылады. Өнімнің мерзімі
сатып алынған күннен бастап 2 жылға созылады.

Өнім шығарылған күн өнім жапсырмасының бетінде
немесе оның қасында көрсетілуі мүмкін (Сериялық
нөмірі: ASSCC xxx, бұл жерде А – өнім жасалған
жылдың соңғы саны, SS – өнім жасалған апта, CC –
басып шығару күні, 1992 жылдан бастап автоматты
түрде есептеледі. Мысалы: Сер.№ 30411xxx, өнім
жасалған жыл – 2003, өнім жасалған апта – 4)

EAC

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

МӘСЕЛЕ	СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Ауа кондиционері іске қосылмайды	- ток жоқ - ол розеткаға қосылмаған - ішкі қауіпсіздік құралы іске қосылған	- күтіңіз - розеткаға қосыңыз - қызмет орталығына қоңырау шалыңыз
Ауа кондиционері тек қысқа уақыт аралығында жұмыс істейді	- ауа сору шлангісі бітеліп немесе бүктеліп қалмаған - бір нәрсе ауаның шығуына кедергі жасауда	- ауа шлангісін дұрыс бағыттап, бөгелудің алдын алу үшін ауа шлангісін неғұрлым қысқа және иректерсіз күйде сақтаңыз. - ауа шығару түтігінде кедергілердің жоқтығын тексеріңіз және бар болса алып тастаңыз
Ауа кондиционері жұмыс істейді, бірақ бөлмені салқындатпайды	- терезелер, есіктер және/немесе перделер ашық қалған; - бөлмеде ыстық нәрселер бар (пеш, шаш кептіргіш, т.б.); - ауа шығару шлангісі құрылғыдан ажырап қалған; - шаң сүзгілері бітелген; - осы құрылғының техникалық сипаттамасы ол орналасқан бөлмеге сай емес;	- есіктерді, терезелерді және перделерді жоғарыда берілген «ДҰРЫС ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН КЕҢЕСТЕР» бөлімін ескере отырып жабыңыз; - ыстық көздерінен құтылыңыз; - ауа шығару шлангісін құрылғының артқы жағына, корпусқа бекітіңіз (1-сурет); - сүзгілерді жоғарыда айтылғандай етіп тазалап, орындарына салыңыз;
Пайдалану барысында бөлмеде жағымсыз иіс болады	шаң сүзгісі мен (бар болса) электростатикалық сүзгі бітелген;	сүзгілерді жоғарыда айтылғандай етіп тазалаңыз;
Ауа кондиционерін қайта іске қосқан соң ол үш минуттай жұмыс істемейді	ішкі компрессорлық қауіпсіздік құрылғысы осы құрылғы соңғы рет өшірілгеннен бері үш минут өтпейінше оның қайта іске қосылуына жол бермейді;	күтіңіз. Бұл кешігу қалыпты жұмыс істеудің бір бөлігі болып табылады.
 белгісі мен мына хабарлардың біреуі көрсетіледі: <i>LT / HL / CF / PF / FI</i> дисплейде пайда болады.	Құрылғыда бірнеше ақаулықтарды анықтауға арналған өзін-өзі тексеру мүмкіндігі бар.	ӨЗІН-ӨЗІ ДИАГНОСТИКАЛАУ тарауын қараңыз.

